М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

AUEZOV
UNIVERSITY
1943

ЛЕКЦИЯ

Тақырыбы: **Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының өзекті мәселелері: сақтау, музейлендіру, ғылыми жобаларды іске асыру тәжірибесі мен перспективалары**

п.ғ.к., доцент Мусаева С.Т.

Жоспар

- Мәдени саясат тұжырымдамасы
- Мәдени мұра объектілерін сақтау мен танымал етудегі музейлендірудің рөлі
- Музейлендіру мәдени мұраларды сақтаудың жалғыз жолы әрі және қазіргі заманғы музей практикасының ажырамас бөлігі
- Шымкент қаласын музейлендіру бағытындағы атқарылған шаралар

Лекция мақсаты:

- Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының өзекті мәселелері бойынша ғылыми жобаларды іске асыру тәжірибесі мен келешегін ашу

Мәселенің өзектілігі

- Мәдени мұра әлемнің әрбір халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың баға жетпес әрі орны толмас игілігі болып табылады. Жойылу немесе жойылу салдарынан оның кез-келген бөлігінің жоғалуы әлемнің барлық халықтарының болашағына нұқсан келтіреді. Сондықтан олар қауіп-қатерден ерекше қорғауға лайық.
- Адамзаттың орны толмас мұрасын құрайтын объектілерді мүмкіндігінше анықтау, қорғау, сақтау және танымал ету үшін ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер 1972 жылы 1975 жылы күшіне енген дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Дүниежүзілік мұра Конвенциясын қабылдады.

- Мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ілгерілету мақсатында мәдени мұраны сәйкестендіру, сақтау және қалпына келтіру жөніндегі ұлттық стратегия әзірленді.
- Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі көпғасырлық дәстүрлерді сақтау және одан әрі дамыту жөніндегі шаралар, олардың базасында жаңа тарихи-мәдени, ескерткіштерді қорғау және музей-қорықтардың құрылуымен сипатталады.

Бүгінгі күннің басты мақсаты:

Тарихи-мәдени мұраларды бүлінуден, қиратылудан сақтау. Халықты көркемдік-идеялық және отан сүйгіштікке тәрбиелеуде, мәдениет ескерткіштерін зерттеу мен қорғау әрбір азаматтың парызы


“МӘДЕНИ МҰРА” ЖОБАЛАРЫ
Туған жер
Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы
Түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде Түркістанды дамыту тұжырымдамасы: 2018 жылғы 29 қыркүйектегі № 762 Жарлығы
Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017 жылғы 12 сәуір
ҚР мәдени саясатының тұжырымдамасы: 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 998 Жарлығы
2009-2011 жылдарға арналған "Мәдени мұра" Ұлттық стратегиялық жобасы
2004-2006, 2007-2009 жылдарға арналған “Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы

Жобалардың мақсаттары мен міндеттері

Жобаның келесідей негізгі міндеттері:

тарихи-мәдени мұраны сақтап, одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай жасауда, іске асырудың тиімді тетіктері мен құралдарын әзірлеу

Қазақстанның бай тарихи және мәдени мұрасын халықаралық деңгейде насихаттауда, жинақталған жаңа және жүйеленген білімді ғылыми айналымға енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу

тарихи-мәдени мұраны туризмді дамыту үшін белсенді пайдалану; тарихи-мәдени мұраны халыққа кеңінен тарату мақсатында қоғамдық білім және бұқаралық ақпарат салаларына аудару жолдарын іздестіру


1) ұлттық рәміздерді қалыптастыру
2) мәдени туризмді дамыту
3) ұлттық тарихи-мәдени мұраны халықаралық деңгейде насихаттау
4) өткен бес жылда табылған тарихи-мәдени мұраны кешенді зерделеу
5) жүйеленген білімді оқу процесіне енгізу
6) саланы дамытудың стратегиялық ресурсы ретіндегі кадр саясатын іске асыру
Жобалардың басым бағыттары

Жобалардың қағидаттары мен тетіктері

Жобада іске асырылатын мәселелер:

1) мемлекеттік саясатты инновациялық көзқарасты, жүйелілік пен сабақтастықты қамтамасыз ету;

2) тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау саласындағы әлемдік тәжірибені пайдалану;

3) тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттауда заманауи инновациялық жетістіктерді пайдалану;

4) мемлекеттік және салалық бағдарламалары аясында ғылыми-зерттеу және ізденіс жобаларының жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету

Жобаларды жүзеге асырудың тетіктері :

1) стратегиялық ұлттық жобаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеу;

2. Жобаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар мониторингін іске асыру;

3. Жобаны жүзеге асыруда ақпараттық материалдарды "Мәдени мұра" Web-сайтына орналастыру

МӘДЕНИ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

- Қоғамның негізгі құндылықты бағыттары мен тұлғаның жасампаз бастамасын қалыптастыратын әрбір дамыған мемлекеттің басты идеологиялық ұстанымы.
- Ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтау мен байытуды, сапалы мәдени құндылықтарды құруды, трансляциялау мен қолдануды қамтамасыз ететін мәдени институттар мен механизмдердің тиімді жұмыс жасайтын инфрақұрылымдарының болуы



Қазіргі заманғы мәдени саясатты жасауда ЮНЕСКО - Білім және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы айқындаушы рөл атқарады.

Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан.

Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді. Бүгінгі күні Ұйымға 193 мемлекет мүше.

Сабақтың жаңашылдығы

Қазіргі жағдайда өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу, олардың тарихи санасын қалыптастыруда, әлемдік тарихи және мәдени мұраларды насихаттау мен қорғау жұмыстарын айқындайды;

Қазақстанның мәдени және тарихи мұра объектілеріне әлемдік қоғамдық назарды тарту, түрлі мемлекеттердің азаматтары арасында мәдени және табиғи көрікті жерлердің танымалдығының өсуін көрсету;

Дүниежүзілік мәдени мұра объектілері шеңберінде мәдени туризмнің дамуын айқындайтын қазіргі заманғы өзекті үрдістер, проблемалар мен перспективаларды анықтау.







Мәдени мұра ұғымы



Ежелден келе жатқан мәдени,тарихи салт-сана, дәстүр нұсқалары



















«Мәдени мұраның» жоспары

– елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген.

Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

Ал, қазіргі кезеңде бұл бағыт мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен қосылып ауқымды іске асырылуда.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11 277 нысан) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің Тізімі қабылданды.



Дүниежүзілік мұра» түсінігі


- ЮНЕСКО тарапынан бекітілетін, адамзат үшін
ерекше мәдени, тарихи немесе экология лық маңызы бар деп
танылатын табиғи немесе адам қолымен жасалған нысандар.
- Әлемдік мұра тізімінде — 1121 объекті бар, олардың 869 - мәдени, 213 - табиғи және 39 аралас нысан бар.




Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы рухани және білім беруді дамыту салаларындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып табылады.

Бағдарлама халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау, зерттеу жүйесін құруды қарастырады

Дүниежүзілік мұра нысандарының ең көп саны бар елдер





Объекты всемирного наследия по регионам

● культурные / ● природные / ● смешанного типа / ● всего

Африка	48	37	4	89
Арабские страны	71	4	2	77
Азия и Тихоокеанский регион	161	59	11	231
Европа и Северная Америка	408	61	10	479
Латинская Америка и Карибский бассейн	91	36	4	131

Объекты всемирного наследия под угрозой по регионам

Африка	3	13	0	16
Арабские страны	13	0	0	13
Азия и Тихоокеанский регион	2	2	0	4
Европа и Северная Америка	4	1	0	5
Латинская Америка и Карибский бассейн	5	3	0	8

* Классификация регионов и относящихся к ним стран ЮНЕСКО отличается от общепринятой.

2021 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстан Дүниежүзілік мұра тізіміне 14 нысан енген









Қазақстан-ежелгі өркениеттердің аумағы.Ежелгі заманнан бері қазақ жерінің тұрғындары түрлі-түсті және ерекше мәдениетті қалыптастырып келеді.

Түркістан облысы өзінің тарихи ескерткіштерімен-қорғандарымен, ежелгі қоныстардың қирандыларымен, бекіністерімен, кесенелерімен және ежелгі қалашықтарымен танымал.











ЮНЕСКО тізіміндегі қазақстандық нысандар мен мұралар

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі (Тізімге 2003 жылы енгізілген)

Тамғалы петроглифтерінің тас кешені (Алматы б.д. II мыңжылдықтар-XX ғасырдың басы, 2004 ж.).

Сарыарқа (Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, 2008 ж.).

Қазақстан аумағында ЮНЕСКО объектілерінің орналасу картасы



«Әлемдік мұра мәртебесінің» келесі артықшылықтары бар:

Тізімге енгізілген нысандарды танымал ету

Ескерткіштерді қаржыландыру маңыздылығын орнатып, Әлемдік мұра қорынан қаражат бөлуді қамтамасыз ету

Табиғи ескерткіштерді бірыңғай бақылап, тексеріп отыруды ұйымдастыруға ықпал етеді

Ескерткіш орналасқан аймақ пен оның иелерінің абыройын арттырады

Ерекше табиғи кешенге қосымша оның бірегей кешен болып сақталып тұруына кепілдік береді

СТАТУС «ВСЕМИРНОГО НАСЛЕДИЯ» ИМЕЕТ СЛЕДУЮЩИЕ ПРЕИМУЩЕСТВА:

- В дополнение к уникальным памятникам, он гарантирует, что он останется уникальным объектом
- Популяризация перечисленных объектов
- Установить важность финансирования памятников и обеспечить выделение средств из Фонда всемирного наследия
- Повышает честь региона, в котором расположен памятник, и его владельцев
- Способствует организации единого контроля и осмотра памятников природы

Қ.А. Ясауи кесенесі - Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасының объектісі




ЮНЕСКО тізіміндегі қазақстандық нысандар мен мұралар - 14
1.Қожа Ахмет Ясауи кесенесі (2003)
2.Тамғалы петроглифтерінің тас кешені (2004)
3.Сарыарқа (2008)
4.Мерке түркі ғибадатханасы VI-XI ғғ. (1998)
5.Беғазы-Дәндібай Мегалит кесенелер (1998)
6.Тасмола мәдениетінің қорғандары мен тас құрылыстары (1998)
7.Ешкіөлмес петроглифтері. (1998).
8.Арпа Өзен петроглифтері (1998)


Дүниежүзілік мұра тізіміне еңгізілген **және үміткер** объектілер :
9 Қаратау жотасының палеолит объектілері (1998)
Туранның суық қысқы шөлдері Сауысқандық (2021)
10 Отырар оазисінің археологиялық объектілері (1998)
“Петроглиф Сауысқанды к (2016)
11 Ұлытау мәдени ландшафты (1998)
14 «Алтын Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (2002)
12 Солтүстік Тянь-Шань (2002)
13 Ақсу-Жабағылы қорығы (2002)

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА МӘСЕЛЕЛЕРІ:

1.Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Достопримечательности и культурное наследие ЮНЕСКО на территории Казахстана // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 8-3. – С. 431-435;
URL: https://applied-research.ru/ru/article/view?id=10051 (дата обращения: 09.10.2021).

2. Адильбекова Т.Т. Историко-культурное наследие: опыт реализации государственной программы «Культурное наследие» в Республике Казахстан: Сборник трудов Национального музея РК. – Астана, 2014. – С.133-134.

3. Кайырханова Ф. Историко-культурное наследие Казахстана: взаимодействие традиций и инноваций . – Семей, 2015. – С.23-26.

4. Шалабаева Г. Казахстан: эволюция культурной политики. -Алматы: АГУ им. Абая, 2002. - С. 48-49.

5. Нурланова К.Ш. Человек и мир. Казахская национальная идея. - Алматы, 1994. - С. 148.



Рухани жаңғыру бағдарламасы –Ұлы Дала елінің бойында қалғып кеткен құлдық сананы ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелді.

«Ұлттық код», «Білім басымдығы», «Эволюциялық жол» жаңғыру терминдерін көпке жол сілтеуші темірқазыққа айналдырды.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

6 АРНАЙЫ ЖОБА

«ЖАҺАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ»

«ТУҒАН ЖЕР»


«ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



«100 ЖАҢА ЕСІМ»

«100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»

«ҚАЗАҚ ТІЛІН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШІРУ»


Рухани жаңғыру
“Рухани жаңғыру” бағдарламасы
4 кіші бағдарламалары
Тәрбие және білім
Рухани қазына
Атамекен
Ақпарат толқыны
1. “Өлкетану”
2. “Отаным - тағдырым”
3. “Саналы азамат”
1. “Туған жер - туған ел”
2. Қасиетті Қазақстан
3. Мәдени даму
1. “Әлеуметтік бастамалар картасы”
2. “Жомарт жүрек”
1. “Ақпараттық сүйемелдеу”
2. “100 жаңа есім”

“Рухани жаңғыру” бағдарламасын жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер:

1.ҚР Ғылым және жоғары білім беру министрлігі;

2.ҚР білім беру министрлігі;

3.ҚР мәдениет және спорт министрлігі;

4.Президент әкімшілігінің жастар саясаты жөніндегі бөлімі

5. Тілдерді дамыту, мұрағаттар мен құжатама комитеті

6. Дін істері басқармасы

7. Әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігі

8.Кәсіпкерлік индустриалды инновациялық даму және туризм басқармасы

9. Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу комитеті

10.Энергетика жіне тұрғын үй шарушылығы комитеті

11. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы



«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

10 БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ

- БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
- МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ
- ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ
- ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ
- ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ, МҰРАҒАТТАР МЕН ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
- ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘН ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ
- ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫ
- КӘСІПКЕРЛІК, ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ
- ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ
- ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫ

Рухани жаңғыру. Спецпроект «Туған жер»

ЦЕЛЬ **Воспитание у казахстанцев чувства истинного патриотизма, который выражается в любви, гордости и преданности своему аулу, городу, краю, его истории, культуре, традициям и быту, нравственном долге перед Родиной**

ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ (Министерство образования и науки)

- Конкурентоспособная, прагматичная, сильная, ответственная, творческая Личность Единой нации. Развитие национальной системы воспитания и обучения

АТАМЕКЕН (Министерство по делам религий и гражданского общества)

- Укрепление у казахстанцев социальной активности и чувства ответственности за судьбу малой Родины

РУХАНИ ҚАЗЫНА (Министерство культуры и спорта)

- Возрождение интереса и уважения населения к традициям, истории и культуре своей земли

АҚПАРАТ ТОЛҚЫНЫ (Министерство информации и коммуникаций)

- Информирование населения о ходе реализации Программы, создание информационной инфраструктуры

* РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ * РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ * РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ *

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ОҚО БОЙЫНША ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІ

«ТУҒАН ЖЕР» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ 4 КІШІ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Тәрбие және білім»	Білім беру мен ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда отбасы және қоғамды жұмылдыра отырып XXI-ғасыр тұлғасын қалыптастыру.
«Атамекен»	Өңірлердің өзекті мәселелерін анықтау мен халықтық бастамаларды ынталандыру, өңірлік жобаларды қолдау және іске асыруға мемлекеттік органдарды, бизнес-құрылымдарды үкіметтік емес ұйымдарды, еріктілер, кіші Отанын дамытуға, Қазақстандық азаматтардың бойында кіші Отанға деген жауапкершілік сезімін және әлеуметтік белсенділігін арттыру.
«Рухани Қазына»	Қазақстан халқының тарихи санасын дамыту арқылы ұлттық-мәдени біртектілікті сақтау, Қазақстанның қасиетті мәдени-географиялық белдеуін зерттеу, заманауи қазақстандық мәдениетті насихаттау.
«Ақпарат толқыны»	Бағдарламаның жүзеге асырылуы туралы халықты ақпараттандыру, ақпараттық инфра құрылым құру.

«Туған жер» жобасы төрт ішкі бағдарламадан тұрады:

1. «Тәрбие және білім» - жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қазақстандық патриоттық рухында тәрбиелеу;

2 .«Атамекен» - қазақстандықтардың шағын отан тағдыры үшін азаматтық белсенділік пен жауапкершілік сезімін нығайту ;

3. «Рухани Қазына» - туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне, дәстүрлеріне қызығушылық пен құрметті жаңарту.

4. «Ақпарат толқыны» - жобаны іске асыру барысы туралы халықты ақпараттандыру , азаматтардың жүзеге асырылатын жобалардың қоғамдық мониторингіне қатыса алуы үшін ақпараттық инфрақұрылымды жасау.


* РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ * РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ * РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«ТУҒАН ЖЕР» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ 11 БАЗАЛЫҚ БАҒЫТЫ



- «Тәрбие және білім»
- «Атамекен»
- «Рухани қазына»
- «Ақпарат толқыны»

1. «Өлкетану»
2. «Отаным – тағдырым»
3. «Саналы азамат»
4. «Кітап – білім бұлағы»
5. «Әлеуметтік бастамалар картасы»
6. «Жомарт Жүрек»
7. «Туған жер – туған ел»
8. «Қасиетті Қазақстан»
9. «Қазақстанның мәдени жетістіктері»
10. «Ақпараттық қолдау»
11. «100 жаңа есім»



- «Туған жер» бағдарламасы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады және ол Отанға оңтайлы және эмоционалды қатынасты біріктіруге шақырады.
- Бағдарламаның негізінде өз өлкесіне, тарихына, мәдениетіне, дәстүрлері мен тұрмысына деген сүйіспеншілік, мақтаныш пен адалдық және Отан алдындағы адамгершілік парыз арқылы көрінетін шынайы патриотизм сезіміне тәрбиелеу бар.

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- Оқушыларға Отан, туған жеріміз Шымкент қаласы және оңтүстік өңірі туралы тереңірек түсінік бере отырып бойымызға ұлттық рухты, патриоттық сезімді ұялату;
- Туған жердің тарихи тұлғалары мен құрметті азаматтарын таныта отырып, болашақта тәуелсіз еліміздің, туған жеріміздің тұғырын биіктен көрсететін жеке тұлға қалыптастыру

Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Салалық жобаны одан әрі іске асыру бойынша ұсынылған шаралар кешенін жүзеге асыру жоспарланған және әлемдік дамудың тенденциялары мен бағыттарына сәйкес, Қазақстан егеменді мемлекет құрудың жаңа сатысына өтуі кезеңінде халқы ұлттық даму мүддесінің аясына шоғырланып, тарихи мұраларымыз ел тұтастығының символына айналуы тиіс.

ЮНЕСКО-ның қорытындысы бойынша Түркістан облысы тарихи мұраны сақтау мен зерделеудің әлемдік жетекші орталықтарының бірі болып табылады

- Түркістан облысында 679 мәдениет және өнер мекемесі бар, оның 389-ы кітапхана, 24-і музей, соның ішінде Шымкент қаласында - 10. Мәдени саясатқа келетін болсақ, облыс аумағында 1663-тен астам құнды мәдени-тарихи объектілер тіркелген және есепке алынған, олардың ішінде халықаралық мәртебесі бар – 1, республикалық мәртебесі бар - 26 (сәулет - 19, археологиялық - 7), жергілікті маңызы бар ескерткіштер – 426 (археологиялық – 374, сәулет-52), олар жалпыұлттық құндылықты құрайды

Қазақстан Республикасы мәдени мұрасының негізін тарих және мәдени ескерткіштер құрайды

Түркістан қаласы, Бәйдібек, Қазығұрт, Ордабасы, Отырар, Сайрам, Созақ аудандарында орналасқан 30 сәулет ескерткіштеріне қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді

Шымкент, Отырар, Сауран, Күлтөбе, Жуантөбе т.б. ежелгі қалашықтарға жоспарлы түрде қазба жұмыстары жүргізілуде

Түркістан- Қазақстанның тарихи туризмінің таптырмас ордасы


Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 156 бұйрығы

Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Орналасқан жері

Аса құнды ғимараттар мен құрылыстардың тарихи қалыптасқан мемориалдық үйлер, орамдар, қорымдар, кесенелер мен жекелеген жерлеу орындары, монументалды өнер туындылары, тас мүсіндер, үңгір бейнелері, археология ескерткіштері.

Қазақстанның тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген және тарихи, ғылыми, архитектуралық, көркемдік және мемориалдық құндылығы бар және бүкіл елдің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар


Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштер
Абдель-Азиз баб кесенесі
Сайрам қалашығы
Ибрагим-ата кесенесі
Қызыр мұнарасы
Қожа Талих кесенесі
Қарашаш ана кесенесі
Мірәлі баб кесенесі





Ибраһим Ата мен Қарашаш Ана кесенесі

Абділ Әзіз баб кесенесі — Қарағаң дәуірінің (IX ғ.) сәулет ескерткіші, кесене Түркістан облысы Сайрам ауылында орналасқан



МІРӘЛІ БАБА КҮМБЕЗІ – АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШ (XI-XII ғғ.).

М.Е. Массонның мәліметтері бойынша 1925 жылы күмбез әлдеқашан құлап қалған, ғимараттың соңғы қалдықтары мүлде бұзылған. Қазіргі құрылыс XIX ғасырдың аяғына жатады, көлемі 120х250х60 мм күйдірілген кірпіштен қаланған, жөнделген, сыланбаған, жобасы текшеленіп келген күмбезбен жабылған.



ҚОЖА ТОЛЫҚ КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші.

Жергілікті мұсылмандар шейхының қабірі басына тұрғызылған. Мазардың XVII – XVIII ғасырда тұрғызылған алғашқы нұсқасы сақталмаған. Қазіргі **кесене** XIX ғасырдың 2-жартысында салынған.



Сайрам Қалашығы





Сайрам атауы алғаш рет 1221 жылы қытайлық дәрменші Чан-Чунның Шыңғыс ханның штаб-пәтеріне саяхатын сипаттауда кездеседі. Сайрам – «Ақ өзен бойындағы қала».

Отырар қалашығы







Арыстың Сырдарияға құятын жеріндегі Отырар ірі егіншілік аймағының орталығы. Қаратаудың етегіндегі Отырар – көшпенділердің бекіністерінің бірі.

- Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы: Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 319 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 маусымда № 107 болып тіркелді


Металлургтар сарайы (сәулет құрылысы)
Жеке оба Бадам өзені
Тұрғын үй Анаров көшесі (қала құрылысы)
Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштер
Оба қорымы
Никольский шіркеуі
Оба (патшалық)
Мектеп Қалдаяқов көшесі
Шымкент қалашығы

Шымкенттің ең көне сәулет ескерткіші

- Бүгінде Шымкентте «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына енген көне және қасиетті орындар баршылық.
- Шымкенттің ең көне сәулет ескерткіші – «Жәми» Шыңғысбай қажы мешіті. Тұрғындар арасында «Ескі мешіт», «Қошқар ата мешіті», соңғы уақыттары «Шыңғысбай Дәуітұлы мешіті» аталып кеткен. «Жәми» атауы араб тілінен аударғанда «жамағат» деген мағына береді.

«Никольский» шіркеуі. Шымкент қаласы, Қазыбек би 34



«Жәми» Шыңғысбай қажы мешіті. Мешіт Шымкенттің «Ескі қала» деп аталатын бөлігіндегі Амангелді көшесінің бойында орналасқан



In support of UNESCO

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы
United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясы
National Commission of the Republic of Kazakhstan for UNESCO and ISESCO

2020 SHYMKENT

Халықаралық кездесу
«Ұлы Жібек жолы тарихындағы ЮНЕСКО-ның мәдени мұра жүйесінде Шымкенттің орны мен рөлі»
2021 жылғы 25-26 қазан
Ұйымдастырушылар:
Шымкент қаласының әкімдігі
Қазақстан Республикасы Ұлттық Комиссиясының
ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен
Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан
бойынша ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы Кластерлік Бюросы

Өткізу орны:
Әль Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапхана

Тарихи-мәдени, табиғи нысандардың музей нысанына айналу процесі

Музейлендіру:

Жылжымайтын объектілерге, қоршаған орта объектілері мен материалдық емес мұра объектілеріне қатысты қолданылады

Музейлендірілген нысандар үлгісі

1. Сәулет және қала құрылысы ескерткіштері
2. Археология ескерткіштері
3. Ғылым және техника ескерткіштері
4. Ланшдшафт, қоршаған орта материалдық емес тарихи-мәдени объектілер

Ескерткіштерді музейлендіру түрлері

1. Археологиялық кешен (қорымдар, қалашықтар)
2. Археологиялық ескерткіштер
3. Археологиялық объектілер (жеке құрылыстар)
4. Археологиялық олжалар (заттар)

Музейлендіру мыналарды қамтиды:

- Ескерткішті зерттеу
- Консервациялау және қалпына келтіру
- Көркем сәулет немесе мәдени ортаны сақтау немесе қалпына келтіруі
- Ескерткіштерді түсіндіру (экспозициялар, көрмелер, мемориалдық тақталар арқылы)


1. Анықтау
2. Зерттеу
3. Консервация
4. Реставрация
5. Музейлік экспозициялық интерпретациялау
Музейлендіру кезеңдері


Музейлендірудің критерийлері

- объектінің немесе объектінің пайда болу жиілігі, яғни музейлер- ең сирек кездесетін, жалғыз немесе ерекше үлгілер

-объектінің немесе объектінің мәні (көркем, тарихи, материалдық)

-объектінің немесе объектінің жойылуы, сирек кездесуі

Қазақстанның әлемдік мәдени мұрасының туристік объектілері



Түркістан тарихын зерттеу – уақыт талабы

1. «Түркістан» ұғымы орта ғасырларда Еуразия құрлығында тұратын түркі жұртын көрші мемлекеттер, арабтар, парсылар, қытайлар мен гректеді нақтылап айыру үшін қолданылған. Мұндағы «Түркістан» термині қазіргі уақытта түркітілдес халықтар тұратын барлық аймақты қамтыған;

2. Ортағасырдағы мұсылман авторларының еңбектерінде «Түркістан» термині тек Сырдария мен Амудария өзендерінің аңғарына енетіні белгілі, ал бұл аңғарға кірмеген жерлер басқа атаулармен, мысалы, қыпшақ даласымен аталатындығы мәлім;

3. Қазақстандықтарды және Орта Азиялықтарды жауламас бұрын, орыс тарихнамасында Түркістанды екі бөлікке бөлу дәстүрі болған: Батыс Цинкстан немесе Бұхара Түркістан және Цин империясының құрамындағы Шығыс Түркістан. «Шығыс Түркістан» деген ұғым бар екені анық;

4. Ресей үкіметі Оңтүстік Қазақстанның аумағы мен Орта Азияның аумағын толықтай жаулап алғаннан соң «Батыс Түркістанның» атауы көбінесе «Орыс Түркістаны» деп аталғаны байқалады;

5. 1865 жылғы патша үкіметі Орынбор генерал-губернаторына бағынатын, Сырдария өзенінің аңғары мен Қоқан хандығының батыс аймақтарын біріктіретін Түркістан территориясын құрды. 1867 жылы жеке «Түркістан генерал-губернаторы» құрылды, оның құрамына Ташкент және Верный, Сырдария және Жетісу облыстары кірді ;


6. 1917 жылдағы Ақпан төңкерісінен кейін генерал-губернаторлар жүйесі жойылып, «Түркістан облысы» деп аталды. Кейінірек Самарқанд, Транскаспий және Ферғана облыстары құрылды. Бұл әкімшілік бөліну 1917 жылғы революцияға дейін қалды;

7. 1917 жылғы Түркістан облысының түркі-мұсылман зиялылары Қоқан қаласында «Түркістан автономиясын» жариялады, бірақ еуропалық большевиктер мен солшыл топтар бұл аймақта билікті 1918 жылы ақпанда басып алып, осы автономды құрылымды әскери тәсілмен құлатты;


8. 1918 жылдың көктемінде Түркістан өлкесіндегі Кеңес өкіметі 1924 жылдың күзінде ұлттық-аумақтық делимитацияға дейін болған «Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасы» деп жариялады. 1924 жылдан кейін «Түркістан» термині қазіргі Түркістан қаласының атауына ғана қатысты бола бастады.


Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспары

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ТАЛДАУ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ОРТА АЗИЯНЫҢ ТАРИХИ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ТУРИСТІК БАҒДАРЫНЫҢ СХЕМАСЫ




Қазақстандық туристер саны
61727
17597
6147
131411
12132
39499
100205
Солтүстік Қазақстан
Шығыс Қазақстан
Орталық Қазақстан
Оңтүстік Қазақстан
Батыс Қазақстан
Астана
Алматы

Түркістан облысының мәдени мұрасын сақтаудың, дамытудың, тиімді пайдалану, музейлендіру

Түркістан қаласын әлемдік деңгейдегі тарихи-мәдени орталық ретінде дамыту үшін “Көне Түркістан” тұжырымдамасы жасалынды. Жалпы жоба үш кезеңде іске асырылатын болады

1 кезеңде -Түркия тарапынан салынған мешіттің оңтүстік шығыс бетіндегі жер аумағына "Этоносаябақ" салу көзделсе

2 кезеңде –Қ. А. Ясауи кесенесінің қарсы бетіндегі "ТҮРКСОЙ" ұйымына мүше елдердің мәдени ошақтары мен сол елдердің тарихын сипаттайтын нысандардың құрылысын жүргізу

3 кезеңде- Қ.А. Ясауи кесенесінің бекініс қорғаны мен арбатты және оның бойындағы ғимараттарды жаңғырту

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Асхана, Құдықхана және Үлкен Ақсарай бөлмелері

Музей саласы - тарихи-мәдени көне жәдігерлерді жаңартып, музей экспозициясында көрсету





Сондықтан да музейлендіру қайтадан жаңартып, жасау деп те айтуға болады. 2016 жылы Қ.А.Ясауи кесенесінің Асхана, Құдықхана және Үлкен Ақсарай бөлмелерін музейлендіру жұмыстары жүргізілді





Жеті қабат дуалмен қоршалған қала

Түркістаннан 40 км солтүстік-бастыста Түркістан мен Қызылорда облыстарының шекарасында, Сырдариянының оң жағасында 8 км жерде орналасқан.

XVI ғ, өмір сүрген Хафизи Таныш былай деп жазған: «Қаланы қоршаған ордың кеңдігі мен тереңдігі сондай, оны өзен деп қаласын».

Сауран қалашығы

Қазіргі кезде шаһардың орнындағы көне ғимараттарды қалпына келтіріп, туристер көретін музей жасау жұмыстары қарқынды жүріп жатқаны да көңілге ққаныш орнатады.

Ортағасырлық араб географы Әл-Макдиси : “Сауран айналасы жеті қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, онда рабат, үлкен мешіт қаланың ішкі жағында орналасқан”,- деп жазған

Сауран көне қалашығы XII-XVI ғғ.

«Қазреставрация» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Сауран қалашығында бірнеше жүзжылдық кезеңдердің бекініс қабырғаларын музейлендіруді жүргізді Сауран - Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігінде жақсы сақталған жалғыз бекініс-қалашық





Мемлекет басшысының 15.03.2021 ж. Жарлығына сәйкес Түркістан облысында жаңа Сауран ауданы құрылды. Жаңа аудан Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ортағасырлық Сауран қаласының атауын беру Шорнақ ауылының аудан орталығы ретіндегі мәдени дамуына жаңа серпін береді. XIII ғасырдың ортасында Сауран Ақ Орданың астанасы болған









Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміндегі археологиялық ескерткіштер

- Шымкент қалашығы қаланың оңтүстік бөлігінде (б.з.д III-II ғғ.- б.з. XIX ғғ.)
- Оба (патшалық) Д. Қонаев және Т. Рысқұлов көшелерінің қиылысында (I - IY ғғ.)
- Оба қорымы Бадам өзенінің сол жағасы, Шымкент қаласынан Ташкентке шығар жолда (б.з.д. I мыңжылдық)
- Жеке оба Бадам өзенінің сол жағасы, майкомбинатына қарсы бетте (б.з.д I мыңжылдық) орналасқан

Ежелгі Шымкент қалашығы әлемдік маңызы бар туристік нысанға айналуы

Шымкент қалашығын музейлендіру процесі ЮНЕСКО-ны қоса алғанда, қаланың 2200-жылдық жасын әлемдік қауымдастық мойындағаннан кейін басталды

In support of UNESCO

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы
United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясы
National Commission of the Republic of Kazakhstan for UNESCO and ISESCO

2020 SHYMKENT

Халықаралық кездесу
«Ұлы Жібек жолы тарихындағы ЮНЕСКО-ның мәдени мұра жүйесінде Шымкенттің орны мен рөлі»
2021 жылғы 25-26 қазан
Ұйымдастырушылар:
Шымкент қаласының әкімдігі
Қазақстан Республикасы Ұлттық Комиссиясының
ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен
Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан
бойынша ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы Кластерлік Бюросы

Өткізу орны:
Әль Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапхана

Шымкент - Қазақстандағы тарихи өзегін сақтап қалған қала

- Қазіргі уақытта Отырар, Сайрам (Испиджаб), Сауран, Күлтөбе, Шымкент қалашықтарының тарихи нысандарын музейлендіру жұмыстары жүргізілуде.
- «Ескі Шымкент қалашығы» (Цитадель) - жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген елдің археологиялық объектісі, өзінің тарихи негізін сақтаған Қазақстандағы жалғыз қалалық құрылым - заманауи қала құрылысының орталығында цитаделі бар қалашық. Бұл әлемдегі ең үлкен алаңдардың бірінен сәл кіші, атап айтқанда Индонезияның Джакарта қаласындағы Medan Modeca (бостандық алаңы) (100 гектарға қарсы 84 гектар). Ал цитадельдің өзі Алматыдағы Республика алаңымен салыстырмалы (шамамен 11-12 гектар). Ал Шымкент қаласындағы көне қалашық қазіргі заманғы мегаполистің орталығында орналасқан.

Шымкент - Қазақстандағы тарихи өзегін сақтап қалған жалғыз қала

- Археологтар, қалпына келтірушілер мен құрылысшылар – тек жүзден астам адам, ежелгі Шымкент қалашығының орнында ашық аспан астындағы музей құруға қатысып жатыр.
- Бүгінде Шымкент қалашығы Қазақстанның тарихи брендтерінің бірі болып табылады



Ежелгі Шымкент қалашығы әлемдік маңызы бар туристік нысанға айналуы

Шымкент қалашығын музейлендіру процесі ЮНЕСКО-ны қоса алғанда, қаланың 2200-жылдық жасын әлемдік қауымдастық мойындағаннан кейін басталды

Ескі қалашықтағы Цитадель

Қалада XIX ғасырдағы қала цитаделінің тарихи көрінісін қалпына келтіру жобасы жүзеге асырылуда, қабырғалар, мұнаралар мен көру алаңдары, сондай-ақ кіреберіс қақпалары қалпына келтірілуде





Шымкент қаланың келбеті мұрағатта сақталған фотосуреттер мен суреттерден қалпына келтіру жұмыстары

- Дүниежүзілік және мәдени мұраны қорғау туралы Вена Конвенциясына сәйкес белгілі бір тарихи нысанды қалпына келтіру немесе консервациялау кезінде тарихи сенімділікті сақтау өте маңызды

Шымкент қалашығы (б.з.д III-II ғғ.- б.з. XIX ғғ.)



В.В.Верещагиннің Шымкент цитаделінің суреті (1867 ж.)



Дозволено Цензурою.

Съ картины, принадлеж. А.К. Гейнсъ.

ЧИМКЕНДЪ


Цитадель и городъ съ восточной стороны.

Литогр. Беккера и К°

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

Қорық-музей құрамына Отырар қаласы, Арыстан баб кесенесі және осы өңірдегі барлық ежелгі қала орындары, қорғандар, суландыру жүйелері, шеберханалар енеді және бұлар көрермендерге экспозициялық қызмет атқарады


1993 ж. музей қарамағына 110 тарихи ескерткіш бекітіліп берілді, қорғау аймағы 11547 га болып ұлғайды. Қазіргі кезде Отырар өңірінде 160-тан астам тарихи-мәдени ескерткіш бар




Отырардағы «Руханият – Әбу-Насыр әл Фараби музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының алар орны да ерекше

Музейлік мәні зор артефактілерді (тарихи және мәдени ескерткіштерді) жинау, есепке алу, сақтау, қалпына келтіру, ғылыми зерделеуді жүзеге асыру, насихаттау жұмыстарын жүргізетін республикадағы бірден-бір ғылыми-зерттеу және мәдени таным мекемесі









Жеті қабат дуалмен қоршалған қала

Түркістаннан 40 км солтүстік – бастыста Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарының шекарасында, Сырдарияның оң жағасында 8 км жерде орналасқан.





Қазіргі кезде шаһардың орнындағы көне ғимараттарды қалпына келтіріп, туристер көретін музей жасау жұмыстары қарқынды жүріп жатқаны да көңілге қуаныш орнатады



Қазығұрт Зороастризм ескерткіші







Шымкенттің батыс жағындағы Қазғұрт тауы жергілікті тұрғындар арасында киелі саналады. Оның баурайында үлкен тас крест бар, оған танымал сенім бойынша қол тигізбейді. Бұл алып құрылымды өлшегенде, бұл тең бүйірлі кресттің әрбір «шыбықтың» ұзындығы 47 метр, ені 2 метр. Бұл Заратуштра пайғамбардың ізбасарларының салттық құрылысы болған зороастриялық крест.

Мәдени мұра өзін-өзі тануды қалыптастырудың негіздерінің бірі болып табылады.
Туризм тарих және мәдениет ескерткіштерін көпшілікке танымал етуге ықпал етеді, елде де, шетелде де республиканың жоғары беделін нығайтады.

Қазақстанның әлемдік мәдени мұрасының туристік объектілері




А.К. Авизова
КАНГЮЙ ДӘУІРІНДЕГІ
ОТЫРАР АЛҚАБЫ
А.К. Авизова
ОТРАРСКИЙ ОАЗИС
В КАНГЮЙСКУЮ ЭПОХУ

Кукеева М.К., Мусаева С.Т., Отарбаева Г.К.

МУЗЕЙТАНУҒА КІРІСПЕ ОҚУ ҚҰРАЛЫ



Шымкент, 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Отарбаева Г.К., Мусаева С.Т.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Шымкент -2016

Қазіргі күндері Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын қолдану мен сақтау бойынша шешілмеген көкейкесті мәселелері:

1 Тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, оларды тиімді қолдану (экскурсиялар, зерттеу және өндіріс шеберханалары);

2 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және насихаттау мәселесін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кең тарату. Бұл салада насихатты күшейту;

3 Кезекті реставрациялық жұмыстардан гөрі дер кезінде консервацияға өту;

4 Тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтаудағы басты нәрсе білікті кадрлар реставраторлар дайындау, олардың кәсіби деңгейін көтеру.

Қорытынды

- Қазақстанның мәдени мұрасы - қазақ халқының мәдениет, дін, өнер және тұрмыс нысандары. Олардың кейбіреулері Қазақстанның табиғаты мен бай мәдениетінің ерекше құндылығы бар объектілері әлемдік құндылық деп танылды және ЮНЕСКО қорғауында болады.
- Біздің республика территориясында тарихи-мәдени мұралардың мол, көбісі ЮНЕСКО-ның қамқорлығында. Республика тарихи-мәдени ескерткіштер жинағын шығаруда көптеген жұмыстар атқарылуда. Міне осыларды зерттеп, ашылмағандарын тауып тұрғындар арасында насихаттауда мамандар, зерттеушілер және музейтанушылар алдында әлі көптеген жұмыстар тұр.

Шымкент және Түркістан өлкесінің тарихи-мәдени мұрасын қорғау, зерттеу және музейлендіру бұл кезек күттірмейтін мәселелер қатарына жатады

Әлемдік өркениетке Шымкент қаласы және Түркістан өлкесі де өзіндік үлес қосуда

Қорыта келе,

Қолда бар мәдени мұраларымызды көздің қарашығындай сақтау біздің халық болып одан ары қалыптасуымыздың басты факторы

Барлық рухани құндылығы бар музейлік ескерткіштерді болашақ ұрпаққа аманат ретінде жеткізу музей саласымен айналысатын мамандардың ғана емес барлық Қазақстан азаматтарының ортақ парызы

ӘДЕБИЕТ

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақала 2017 жылғы 12 сәуір //https: //www. zakon. kz/;Ұлы даланың жеті қыры

2. Түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде Түркістанды дамыту тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі № 762 Жарлығымен мақұлданғанТүркістан: Халықаралық энциклопедия. - Алматы, 2000. – 580 б.

3.ЮНЕСКО тізіміндегі Қазақстандық нысандар мен мұралар: Мәдени мұра// Оңтүстік Рабат. – 2017. - 21 сәуір. – 1 б.

4. Отарбаева Г.К., Мусаева С.Т. Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи және мәдени ескерткіштері: Оқу құралы 6М020800 - «Археология және этнология» мамандығы магистранттарына арналған. – Шымкент: «Әлем», 2016. – 111 б.

5.Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары=Региональные сакральные объекты Казахстана/Ред.алқа төрағасы А. Мұхамедиаұлы; Жауапты ред. Б. Әбдіғалиұлы. - Астана: Фолиант, 2017. – 504 с.

6. Әбдіғалиқызы А.Отырар туристік аймаққа айналады//Оңтүстік Қазақстан. – 2007. - 17 сәуір.

7. Интернет-ресурс: https://bad.kz|news|othemews|shymkentte-7-nysan https://www.kazrestavratcziia.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=582&catid=70&Itemid=127&lang=ru

Назар аударғандарыңызға рахмет !